

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

the condition of the Aral Sea is getting worse day by day, and tourism has helped bring attention to this issue. Currently, some actions are being taken at least to reduce its damage to nature. At the same time, it can enhance the social welfare of local communities by promoting human rights, fair labor practices, and community involvement. It goes without saying that through tourism, not only money but also ways of thinking and perspectives on problems pass through countries.

Tourism occupies a larger part of most countries' economies, and to ensure that the tourism industry remains vibrant, it is important to have effective marketing strategies in place. This involves using various marketing tools, such as digital advertising, content marketing, social media campaigns, and more, to reach potential customers. By doing so, countries can increase their tourism numbers and promote their local attractions. Additionally, by investing in tourism-related activities such as festivals or events, they can further support the industry.

Digital marketing involves the use of online channels such as social media, websites, emails, and search engines to promote tourism products and services.

Content marketing involves creating and sharing relevant and valuable content, such as blogs, videos, and infographics, to attract potential tourists.

Influencer marketing involves partnering with social media influencers and bloggers.

In summary, tourism can play a significant role in economic development, job creation, and poverty reduction. However, it can also have negative impacts on the environment, cultural heritage, and local communities. Sustainable tourism aims to minimize these negative impacts while maximizing the positive ones, creating economic opportunities and promoting social and environmental sustainability. Tourism has the potential to drive environmental conservation efforts as travelers increasingly seek out authentic and sustainable experiences. The tourism industry can work to reduce its ecological footprint by promoting eco-friendly practices, conserving natural resources, and protecting fragile ecosystems.

References:

1. "2030 Agenda for Sustainable Development". <https://www.undp.org/sustainable-development-goals>.

2. Kiper, T. (2013). Role of Ecotourism in Sustainable Development. InTech. <https://doi.org/10.5772/55749/>

3. Аблаизов Акбар Абдувафаевич Проблемы организации и развития экотуризма в Узбекистане // Физическая культура. Спорт. Туризм. Двигательная рекреация. 2019. №4.

УДК 330

АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Беймбет Ахелик

E-mail: akhyelikbyeimbyet@gmail.com

6B04102-Экономика мамандығының 1-ші курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші – э.ғ.к., доцент Н.О.Молдашов

Аннотация: Нарық экономика жағдайында әрбір адамның қоғамдық қатынастарда өзінің экономикадағы орнын тауып, өзіне және қоғамға тигізетін пайдасын анықтауы өте маңызды. Осы тұрғыдан адамның мүмкіндіктерін пайдаланып оны капиталға айналдыру қажет. Ал, енді осы адам капиталы туралы жазылған еңбектерде көп жағдайда теориялық мәселелерін түсінбей жатады. Біз осы еңбекте «адам» және «капитал» туралы ой қозғаймыз.

Және «адами капитал» ма, әлде «адам капиталы» ма?- осының да мән-мағынасын қарастырамыз.

Түйін сөздер: адам, адам капиталы, экономикалық адам, капитал, жалпы ішкі өнім, Қазақстан экономикасы.

Қоғам өмірінде «Алдымен экономика, кейін саясат»- бағдары әрбір Қазақстан экономисті мен саясаткерлерінің негізгі қағидасына айналғалы бері ұлттық экономикамызды әсіресе мұнай-газ, түсті және қара металлургия секілді негізгі экспорттық тауарларымыздың өнімін ұлғайтып, бағасын қарқынды өсірді. Мысалы, жалпы ішкі өнім 1993-2022 жылдар аралығында 23,4 млрд.АҚШ.долл.-дан 118,2 млрд.АҚШ.долл.-ға дейін, адам басына шаққандағы ЖІӨ 1993-2022 жылдар арасында 696 АҚШ.долл.-дан 6480,3 АҚШ.долл.-ға дейін өсті. Аталған негізгі көрсеткіштер және позитивті экономикалық-әлеуметтік ортаның қалыптасуы- Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі мерзімде үздіксіз дамуда екенін көрсетіп отыр. Әрине, мұндай экономикалық өсімге Қазақстан Республикасының кең байтақ аймағы мен жер қойнауындағы байлықтың маңызы өте зор. Дегенмен, ең негізгі фактор не болып табылады деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін өндірістің басты факторы болып табылатын адам мен оның капиталының мәнін қарастыру керек.

Адам капиталы термині ХХ ғасырда ғылыми айналымға енгізілген болатын. Бұл терминнің шығу тарихы экономика саласы бойынша белгілі экономист ғалымдар Альфред Нобель есімі берілген премия иегерлері Теодар Уильям Шульц пен Гэрри Бэккермен тығыз байланысты. Шульц (Human Capital in the International Encyclopedia of the Social Sciences. N.Y., 1968) пен Бэккердің (Human Capital. N.Y.: Columbia University Press, 1964) еңбектері ғылыми ортада жоғарғы бағаға ие болып, Шульцке 1979 жылы, Бэккерге 1992 жылы Нобель сыйлығы берілді. Бірінші кезеңде адамның капиталына тек білім кіретін, ал кейін бірте-бірте адам капиталының түсінігіне тәрбие, білім, ғылым, денсаулық, ақпараттық қызмет көрсету, мәдениет пен шығармашылық қосылды. Үшінші кезеңде адам капиталының экономикалық теориясының аумағында адамдардың қауіпсіздігін, азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуын, институционалдық қызмет көрсету, тұрғындардың өмір сапасын жоғарылатуға қажет инвестициялар қосылды.

Теодар Уильям Шульцтің пікірі бойынша адам бойындағы барлық қабілет туа бітеді немесе өмірлік дағдымен қалыптасады. Әрбір адамның тұқымдық ерекшеліктеріне байланысты туа біткен қабілеттерінің болуы заңды. Ал адам бойындағы өмірлік тәжірибеде және білім алу нәтижесінде қалыптасқан құнды қабілеттерді «адам капиталына» жатады [4].

Ал енді қазақ ғалымдарының адам капиталына байланысты еңбектеріне шолу жасасақ, экономика ғылымдарының докторы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономикалық зерттеулер орталығының бас ғылыми қызметкері Ләззат Спанкұлова адам капиталын үш жағынан қарастырған: біріншісіне- адамның өзін капиталдың негізі десе, екіншіге оның жұмыс күшін, үшіншіге инвестицияны, білімді, ғылымды және дағдыларды қосады. Компьютерлік тәжірибе және шет тілдерін білу дағдылары, ізденімпаздық пен талап, әлеуметтік белсенділік, ыждаһатты ізденістер еңбек өнімділігіне әсер ететін адами капиталдың компоненттері ретінде қарастырылған [6].

Бұл туралы ұйымдастырушылық даму жөніндегі сарапшы, Fulbright ғалымы Ақмарал Алталиева да өзінің ойын жеткізген. Ол өзінің Forbes.kz сайтына шығарған «Адами капитал: мұқият ойланатын кез келді» атты мақаласында: «Адамның капиталын нығайтып, күшейтеміз десек біз бұл капиталға ауқымды инвестиция құюды ескеруіміз керек. Ал, адам капиталына инвестициялауда бастапқы және негізгі бағыт – білім және медицина» - деп жазған [1]. Сонымен, экономикалық әдебиеттерде адам капиталы туралы қалыптасқан әртүрлі пікірлерді сараптай отырып, адам капиталының мәнін толығырақ түсіну үшін, ең алдымен «адам» және «капитал» ұғымдарының мән-мағынасын қарастыру керек сияқты деген ойға келдік.

Бірінші кезекте «адам» туралы айтатын болсақ, адам бұл – экономикалық адам. Экономикалық адам дегеніміз ақылға қонымды, кемел біліммен әрекет ететін және жеке экономикалық мүддесін қанағаттандыру үшін іс-әрекет жүргізетін тұлға. Яғни, жеке экономикалық мүддесі бар адам. Демек ол тұлға:

- жоғары пайда табу қағидаттарын басшылыққа ала отырып, ұтымды жоспарлар құратын адам;
- перманентті баюға ұмтылатын адам;
- іс-әрекеті, мінез-құлқы негізінен экономикалық табиғи факторлармен анықталатын адам.

Экономикалық адамның болуы көптеген экономикалық модельдердің жорамалы болып табылады. Ғалымдар құбылысты түсіндіру үшін модельдерді жиі жасайды және осы модельдерді құру үшін ғалымдарға шындықты жеңілдететін болжамдар жасау керек. Экономикада сол жеңілдетілген болжамдардың бірі – экономикалық жағдайларда түбегейлі рационалды қызмет жасайтын адам деп түсіндіріледі [5]. Экономикалық адамның қарапайым адамнан айырмашылығы - экономикалық адам әрқашан өзінің экономикалық - әлеуметтік мүддесін қанағаттандыруға талпынатын және ол үшін қоғамдық қатынастарда ұтымды әрекет жасайтын тұлға.

Экономикалық теорияның классиктері адам капиталына алғашқы қадам жасап, адамның еңбекке деген қабілетін оның капиталы ретінде қарастырды. Саяси экономия ғылымының классиктері Адам Смит, Уильям Петти, Дэвид Рикардо адамның еңбекке деген қабілеттілігін өндіріске салынған инвестиция деп есептеген, яғни оның адам капиталы екенін жазған. Уильям Петти 1664 жылы жарияланған «Даналарға сөз» атты еңбегінде халықтың іскерлігі жайлы сөз қозғайды. Петтидің пайымдауынша, адам капиталына салынған инвестиция халықтың құндылығын арттырады, ал Д.Рикардо экономикалық дамуда мемлекеттің кенже қалуының бір себебі ретінде білім сапасының нашар екенін айтады (Жапония, Германия, Оңтүстік Корея, Швейцария сияқты алдыңғы қатарлы озық мемлекеттер мен Қытай, Үндістан мен Бразилия секілді қарқынды көшбастаушы дамушы елдердің қатарында біздің бола алмауымыздың себебі осы болып отыр).

XIX ғасырдағы неміс экономистісі Карл Маркстің көзқарасы бойынша еңбекке деген қабілет капиталистік қоғамда тауар болады. Адамның қабілетін екі тұрғыдан қарастыруға болады. Біріншіден, адам өзінің ой немесе физикалық тұрғыдан еңбекке қабілеттілігін нарықта (еңбек биржасында) ұсынатын болса, сатып алушы үшін ол тауар болып табылады. Ал, жұмысшы үшін оның қабілеті табыс (жалақы) алып келетін капитал болады. Бұл туралы қазақ елінің мақтаншы, ақын, философ, экономикалық көп құнды ой айтқан Абай Құнанбайұлының өлеңдерінде еңбекті капитал ретінде қарастырып, «асыл іс» екенін жазғанын атап өткеніміз жөн:

«...Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз...» [3].

Ал енді капитал дегеніміз не деген сұраққа адамның капиталы тұрғысынан жауап іздейтін болсақ, «капитал» термині әртүрлі экономикалық жағдайға байланысты өзінің мағынасын өзгертіп отырады. Капитал (немісше *kapital*, ағылшынша *capital*, латынша *capitalis* – басты нәрсе, басты мүлік, негізгі қаржы) деген сөздің мағынасын білдіреді. Капиталды кең мағынада табыс алып келетін игілік ретінде қарастырсақ: өндіріс құрал жабдықтар капитал ретінде пайда алып келеді; жер – рента табыстарын алып келеді; ақша капитал ретінде – пайыз ж.т.б.. Ал қысқа мағынада – бұл адамның еңбекке қабілеттілігі және еңбек.

Сонымен, адамның капиталы – бұл еңбекке қабілеттілік және еңбек. Мұндай қабілеттілік туа біткен яғни, ата-анасынан берілген дарын, икемділік немесе өмірде оқып, үйреніп жинақталған білім мен қабілет болуы мүмкін. Ал адам капиталының тиімді қызмет

жасауы үшін инвестиция қажет. Адам капиталына салынатын инвестициялардың мынандай түрлері болады:

- білім беруге арналған шығындар;
- аурулардың алдын алуға, медициналық қызмет көрсетуге, диеталық тамақтануға, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, яғни денсаулық сақтауға арналған шығындар;
- мобильдік шығындар (соның арқасында жұмысшылар салыстырмалы түрде төмен өнімділігі бар жерлерден салыстырмалы жоғары өнімділігі бар орындарға қоныс аударады).

Яғни, бұлар адамның экономикалық - әлеуметтік жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шаралар. Ендеше адамның капиталына экономикалық адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолданатын экономикалық адамның қабілетін жатқызуға болады. Қабілетті жоғарлату үшін білім, ғылым керек. Бұл туралы тағы ғұлама Абайға сүйенсек:

«...Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,
Сізге ғылым кім берер,

Жанбай жатып сөнсеңіз...» - деп тамаша ой жазған [3].

Адам капиталын қысқа мағынада қарастырсақ бұл – адамның қабілеті және еңбегі; ал кең мағынада адам капиталының тиімділігін көтеретін интеллект, денсаулық, білім, инвестиция, өмір сапасы жатады.

Сөз соңында «адами капитал» немесе «адам капиталы», «адамның капиталы» деген сияқты терминологияны айтсақ: қазақ тілінде «адами» деген сөз жоқ. «Адам» оған «и» деген орыс сөзін қосып қойған сияқты. Сондықтан адамға байланысты капиталды (еңбекке қабілеттілік және еңбек) анықтайтын болсақ, «адамның несі?» деген сұраққа жауап беріп «адамның капиталы» деп, ал капиталдың иесін анықтау қажет болған кезде кім деген сұраққа жауап беріп «адам капиталы» деп жазған дұрыс сияқты.

Ойымызды түйіндесек, адамның қимылға түскен қабілеті, яғни нәтижелі еңбегі капиталға айналады. Ол қабілет жалдамалы жұмысшының еңбегінің нәтижесі болатын жалақы немесе өндіріс факторларынан туындайтын табыстың басқа түрлері де болуы мүмкін. Адамның капиталы – бұл адамның нәтижелі физикалық немесе ой еңбегі. Ал енді осы еңбектің нәтижесі тиімді болу үшін білім, инвестиция, денсаулық қажет. Демек, адамның капиталы адамның нәтижелі еңбегі болса, қалғандары оның тиімді қызмет ететін факторлары болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ақмарал Алталиева «Адами капитал: мұқият ойланатын кез келді» - 2021. - URL: https://forbes.kz/process/resources/adami_kapital_miyat_oylanatyin_kez_keld_1609915140/
2. Әбетова З. Т. «Аймақтық әлеуметтану» оқу құралы – Алматы, Эверо, 2019 – 446
3. Доғалов А.Н., Бабланов Т.К., Молдашов Н.О., Досмағанбетов Н.С., Мүсіров Ғ. «Абай Құнанбайұлының әлеуметтік-экономикалық көзқарастары» - Нұр-сұлтан, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 2022 –1246, 2136
4. Жылқыбай Жағыпарұлы «Адами капитал» - 2017. – URL: <https://egemen.kz/article/118682-%E2%80%8BBadami-kapital>
5. Қаржы энциклопедиясы – 2021. – URL: <https://kz.nesrakonk.ru/economic-man/>

6. Ләззәт Спанқұлова «Адами капитал – экономикалық және әлеуметтік дамудың қозғаушы күші» - 2020. - URL: <https://egemen.kz/article/252602-adami-kapital-%E2%80%93-ekonomikalыq-dgane-aleumettik-damudynh-qozghaushy-kushi>
7. Н.О. Молдашов «Экономикалық теория» оқу құралы – Нұр-сұлтан, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 2021 – 122б

ӘОК: 330.34

ҚАЗІРГІ ИНТЕРНЕТ ИНДУСТРИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ

Бердіхан Рақым
rahaber@inbox.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Азатбек Т. А.

Мақаланың мақсаты – елімізде цифрлық экономиканы қалыптастыруда Интернетті пайдалану тәжірибесін талдау нәтижелеріне сүйене отырып, тиісті қорытындылар жасау болып табылады. Интернет ұсынатын барлық қызметтерді екі санатқа бөлуге болады: желі абоненттері арасындағы ақпарат алмасу және желілік деректер қорын пайдалану. Ең көп қолданылатын интернет қызметі электрондық пошта. Интернет желісін тауарларды немесе қызметтерді сату үшін пайдаланатын, тұтынушылармен және жеткізушілермен өзара әрекеттесетін кәсіпорындар, өздерінің өндірістік әлеуетін арттыра отырып, экономикалық тұрғыдан жылдам өседі. Интернеттің әсерінен маркетинг және қызмет көрсету саласы өзгерді: географиялық шекаралар кеңейді, Интернет-аудиторияны мақсатты түрде бағыттау және серіктестермен ұйымдық қарым-қатынастарды қалыптастыру мүмкін болды.

XXI ғасырда интернет индустриясы қарқынды дамып келеді. Интернетті бизнесте, атап айтқанда, өз тауарларын немесе қызметтерін сату, тұтынушылармен және жеткізушілермен қарым-қатынас жасау үшін пайдаланатын ұйымдар экономикалық тұрғыдан тез өседі, өндірістік әлеуетін арттырады. Өнеркәсіпте Ақпараттық технологиялар мен интернеттің дамуы саланы сапалы жаңа деңгейге шығарады: зауыттар мен жеткізушілер желілері біртұтас ағзаны - жаһандық индустриялық экожүйені (Smart Manufacturing) құрайды. Қазіргі заманғы IT-технологиялар (PLM-жүйелер) өндірілетін өнімді әзірлеуге, өндіруге, сатуға және пайдалануға байланысты барлық ақпаратты біріктіруге мүмкіндік береді, бұл өндірісті неғұрлым икемді іскерлік ілгерілетуге, өндірісті баптауға және оқшаулауға, тұтынушыны өнімді құрудың алғашқы кезеңдерінде процеске қосуға әкеледі. Бірден бірнеше зерттеулер интернет жылдамдығының өсуінің экономикаға оң әсерін анықтады. Жылдамдық неғұрлым жоғары болса, ЖІӨ, бизнес өнімділігі және жұмыс орындары соғұрлым жоғары болады [1].

Әлемдік нарықтағы интернет-жарнама өзінің медиа сегментін қарқынды түрде арттыруды жалғастыруда. Интернет экономиканың дамуына күшті әсер етеді. Маркетинг және қызмет көрсету саласы интернеттің әсерінен оның бірегей мүмкіндіктерін пайдалана отырып өзгерді: географиялық шекаралардың кеңеюі, интернет аудиториясына мақсатты көзқарас мүмкіндігі және серіктестермен ұйымдастырушылық қарым-қатынастардың қалыптасуы. Интернет шағын және орта бизнеске жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге көмектеседі, жаңа сату арналары мен қызметтеріне назар аударады, сонымен қатар заманауи бизнес үлгілерін ұсынады. Ұйымның өнімділігін арттыру байланыстарды жеңілдететін, көптеген бизнес-процестерді жеделдететін және автоматтандыратын, транзакциялық шығындарды азайтатын интернетке әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.